

ҚАРЖЫ-НЕСИЕ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВО-КРЕДИТНАЯ СИСТЕМА

ӘОЖ 336.71

С.К.Искендирова, Г.А.Рахимова

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
(E-mail: isksaule@mail.ru)

Қазақстан Республикасындағы коммерциялық банктердің дамуы

Мақалада отандық екінші деңгейдегі банктердің даму серпіні қарастырылған. Коммерциялық банктердің соңғы жылдардағы қаржылық көрсеткіштеріне талдау жүргізілген. Екінші деңгейлі банктердің әр жұмыс бағыттары — есеп айырысу, депозиттық және несие операциялары — зерттелді. Сонымен бірге Қазақстан экономикасының банк секторының даму бағыттары қарастырылған. Әр түрлі көрсеткіштер бойынша екінші деңгейдегі банктердің ранг беру өткізілген. Коммерциялық банктердің несие саясатын жетілдіру жолдары ұсынылды.

Кілт сөздер: банк, несие, салымдар, есеп айырысу операциялары, капитал, активтер, өтімділік, құрылым, даму, саясат.

Коммерциялық банктер нарықтық экономикада басты қаржылық делдалдар болып табылады. Өз қызметінің үрдісінде олар ақша нарығында тауар болатын, жаңа талаптар мен міндеттемелерді жасады. Клиенттердің салымдарын қабылдау арқылы банк депозит деген жаңа міндеттеме жасаса, ал қарызды беру арқылы қарыз алушыға жаңа талап қояды. Осы жаңа міндеттемелер мен талаптарды жасау үрдісі қаржылық делдалдықтың негізін құрайды. Несие беруші қарыз алушыға және соған қатысты қаржылық институттар қызметінің қозғалысы орын ауыстыруы, қаржылық ресурстардың құйылуы қаржылық делдалдық деп аталады.

1 - кесте

ҚР банк секторының 2011–2013 жж. құрылымы

	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	38	38	38
– жарғылық капиталда мемлекеттің 100 % қатысуы бар банктер	1	1	1
Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	378	378	378
Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	14	14	14
Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	35	35	35

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

Ұлттық банк мәліметтері бойынша коммерциялық банктердің жалпы саны 38 тең болды, оның арасында 1 — мемлекеттік.

1-кесте көрсеткіштерінен 2011–2013 жж. екінші деңгейлі банктердің саны да, филиалдары мен жеке тұлғала салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны да еш өзгеріссіз болды.

Активтік операциялар бұл банктердің табыс алу және өзінің өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында, иелігінде бар ресурстарды орналастыруды жүзеге асыратын операцияларды білдіреді. Бұл екі мақсаттың бірегейлігі банкті коммерциялық кәсіпорын ретінде тартылған қаражаттарды пайдалануға ерекшелігін сипаттайды.

Коммерциялық банктердің активті операцияларының негізінде экономиканың шаруашылық салаларын қаржылармен қамтамасыз ету, олардың ынталы түрде қызмет етуін қалыптастыру, елдің заңды немесе жеке тұлғаларының есеп айырысу қызметтерін жүргізу, экономикада делдалдық қызметтер атқару, халықты немесе басқа да ұйымдарды несиелендіру операциялары болып табылады. Бұл операциялар өз кезегінде коммерциялық банктердің активті операцияларының экономикадағы маңыздылығы мен мәнін айқындайды.

Қазақстан Республикасының активтік банктік операциялары келесі түрлерге бөлінеді:

- a) несиелік операциялар;
- b) инвестициялық операция, яғни бағалы қағаздар бойынша;
- c) қаржылық операциялар (лизинг, факторинг, форфейтинг);
- d) кассалық операциялар;
- e) делдалдық-комиссиондық операциялар.

2 - кесте


ҚР екінші деңгейлі банктерінің 2011–2013 жж. жиынтық активтері

Көрсеткіштер	2011 ж.		2012 ж.		2013 ж.		Өсімі, %
	Млрд теңге	%-бен	Млрд теңге	%-бен	Млрд теңге	%-бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	1396,5	8,49	1479,3	8,3	1 701,7	8,4	21,9
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	603,9	3,7	520,2	2,9	478,6	2,4	-21,0
Бағалы қағаздар	1859	11,3	1890,3	10,1	1 950,3	9,6	4,91
Банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары	10455,4	63,6	11623	65,0	13 260,4	65,5	26,8
Капиталға инвестициялар	381	2,3	325,7	1,8	329,3	1,6	-14
Өзге активтер	1 739,30	10,6	2039,6	11,4	2 535,8	12,5	45,8
Активтер жиынтығы (резервтерді (провизияларды) қоспағанда)	16435,1	100	17878,1	100	20 256,1	100	23,2

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған

2014 ж. 1 қаңтарына ҚР екінші деңгейлі банктердің активтері 20256,1 млрд теңгені құрады. 2011 жылға қарағанда бұл көрсеткіш 23,2 пайызға өсті. Бұл нәтижеге бағалы қағаздар, банктік займдар және өзге де активтердің өсуі арқылы қол жеткізді. Ал активтердің басқа банктердегі салымдары, капиталға салынған инвестициялар сияқты баптары бойынша көрсеткіштер төмендеген (2-кесте).

Екінші деңгейлі банктердің құрылымында жылдың басымен салыстырғанда мағыналы өзгерістер болған емес (1-сур.). Активтердің құрамында негізгі орын банктік займдар мен «кері РЕПО операциялары» алады — 65,5 %; қолма-қол ақша мен тазартылған құнды металдар — 8,4; құнды қағаздар — 9,6 %. Жылдың басында бұл көрсеткіштер сәйкесінше 72,4; 9,2; 11,8 % құраған.



Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған

1-сурет. Екінші банктердің жиынтық активтерінің 2011–2013 жж. аралығындағы құрамы

Несие категориялары қарыз алушының төлемқабілетсіздігінің тәуекелділігін бейнелейді. Ол өз жағынан қарыз алушының қаржы жағдайына, несие бойынша төлемдердің жүргізілмеуіне, кепілдік жағдайына, несие мен несие рейтингісін мақсатсыз қолдануына байланысты.

Категорияларына байланысты банктер провизиялар қалыптастырады. Мысалы, күмәнді 4-ші дәрежедегі несиелер бойынша провизиялар сомасы негізгі қарыздың 25 % құрау керек; 5-ші дәрежедегі несиелер бойынша — 50 %; ал үмітсіз несиелер бойынша — 100 %.


2013 ж. 1 қаңтарына екінші деңгейлі банктердің активтер сапасы мен шартты міндеттемелер құрамындағы стандартты активтер мен міндеттемелер бөлігі 46,9 % құрады. 2012 ж. 1 қаңтарына қарағанда осы көрсеткіш 0,9 % өсті. Күмәнді активтер мен міндеттемелер 2013 ж. 1 қаңтарында 31,2 % құраса, 2012 ж. 1 қаңтарында 36,9 % шамасында болған, яғни 2–3 суреттер бойынша да бұл көрсеткіштердің төмендеуі байқалады.

Күмәнді қарыздар арасында да 2013 ж. 2012 ж. салыстырғанда 1, 2, 3 және 5-ші дәрежедегі қарыздар төмендеген, ал 4-ші дәрежедегі қарыздар, керісінше, өскен.



Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған

2-сурет. Банктердің несиелері 2011–2012 жж. категориялары бойынша



Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

3-сурет. Банктердің несиелері 2012–2013 жж. категориялары бойынша

ҚР банк секторындағы несиелеу құрамында жылдың басынан бері қомақты өзгеріс болған емес. Несиен қоржының басты бөлігін заңды тұлғаларға берілген несиелер алады.

Жалпы, жағдай тұрақты, банктердің көбісі өздерінің несие қоржындарын арттыруда. Кейбір банктердің несиелік қоржындары төмендеуде, бірақ олардың саны көп емес.

Екінші деңгейлі банктермен экономиканы несиелеу әлі төмен. Оны банктердің қатаң несие саясатымен, сапалы клиенттердің жоқтығымен және мемлекеттегі жоғары микро- және макроэкономикалық тәуекелділіктермен түсіндіруге болады.

3 - кесте

Банктерді 2011–2013 жж. несие қоржынының көлемі бойынша әртарапандыру, млн теңге

№	Банктің аты	Несиe қоржынының көлемі			Өзгерістер % 2011 ж.
		2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	
1	«Қазкоммерцбанк» АҚ	2 297460,20	2 397622,00	2 480328,88	3,5
2	«БТА Банк» АҚ	2 090363,70	2 061560,00	2 067531,53	-0,4
3	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	1 371566,60	1 534455,60	1658412,0	22,7
4	«Банк Центр Кредит» АҚ	805 616,90	851 854,00	875831,42	4,4
5	«АТФБанк» АҚ	863 326,20	769 265,60	716421,93	-10,1
6	«Сбербанк» АҚ	359 331,50	529 281,20	687507,26	40,7
7	«KASPI BANK» АҚ	361 417,50	485 419,50	683360,37	53,3
8	«Цеснабанк» АҚ	332 648,80	475 106,60	633184,32	50,2
9	«АльянсБанк» АҚ	535 070,50	593 944,20	600440,88	4,1
10	«Еуразиялық банкі» АҚ	269 965,50	368 123,00	442766,21	22,7

Ескерту. [2] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

Жылдан жылға жақсы көрсеткіштерге жететін үш банк рейтинг бойынша бірінші үш үздіктердің қатарында — «Қазкоммерцбанк» АҚ, «БТА Банк» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ. Бірақ «БТА Банк» АҚ қомақты несиелік қоржынға қарамастан, 0,4 % төмендетілген нәтиже көрсетті.

Банк сегментінің жалпы жағдайы тұрақтандырылып келе жатыр. Банктер несие қоржындарын ұлғайтуда: 12 ай арасында несиелік қоржынның жалпы көлемі 10,9 трлн теңгеден 12,26 трлн теңгеге дейін өсті, яғни 12,7 %. «Bank RBK» (137,0 %) АҚ, «БанкХоумКредит» АҚ (71,5 %), «Delta Bank» (67,7%) АҚ сияқты банктердің несие қоржынының сапасы нақты жақсарды.

Жалпы несие қоржынының басты бөлігін мерзімі өткен несиелер құрайды. Олардың үлесі 2012 ж. 1 қаңтарына 34,66 %, ал 2013 ж. сол кезеңінде 33,11 % дейін төмендеді.

Ең жақсы банктердің ондығына кірген «Банк ВТБ» АҚ несие қоржыны 10,3 млрд теңгеден 48,1 млрд теңгеге дейін өскен. Бұл банк несиелік қоржынды толықтыру жағынан ең үздік банк болып есептеледі және соңғы екі жыл аралығында өсу қарқынын көрсетіп отыр.

«Ситибанк Қазақстан» АҚ мен «Цеснабанк» АҚ ағымдағы жылда өз несие қоржынының өсуін көрсетті.

Банктердің міндеттемелері арасында ең үлкен бөлік «Клиенттер алдындағы міндеттемелерге» жатады (депозиттер).

2014 ж. 1 қаңтарына екінші деңгейлі банктердің жинақ міндеттемелері 13 384,1 млрд теңгеге тең болды. Ол 2011 ж. қарағанда 1867,8 млрд теңгеге, немесе 16,2 % артты. Клиенттердің салымдарының өсуі үш жыл аралығында 26,2 % артқан. Айналымға шығарылған бағалы қағаздар банк жүйесі бойынша 978,2 млрд теңгені құрап, 34,8 % төмендеген.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған займдар 2013 жылы 92,9 млрд теңгеге тең болып, 2011 жылға қарағанда, 81,1 % төмендеген.

Коммерциялық банктердің жинақ міндеттемелерінің құрамында ең көп үлесі ҚР үкіметінен алынған займдар — 351,1 %, ал ең аз мөлшерде — банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған займдар — 81,1 % бар (4-кесте).


4 - к е с т е

ҚР банк секторының жинақ міндеттемелерінің 2011–2013 жж. құрылымы

Көрсеткіштер	2011 ж.		2012 ж.		2013 ж.		Өсу, %
	млрд теңге	%	млрд теңге	%	млрд теңге	%	
Банқаралық салымдар	106,4	0,9	161,9	1,4	283,7	2,1	166,6
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған займдар	491,3	4,3	262,3	2,2	92,9	0,7	-81,1
ҚР үкіметінен алынған займдар	72,2	0,6	317,8	2,6	325,7	2,4	351,1
Клиенттердің салымдары	7797,6	67,7	8532,9	71,9	9844,9	73,6	26,2
Арнайы мақсаттағы еншілес мекемелердің салымдары	1,5	0,2	0,6	0,0	0,6	0,0	60,0
Айналымға шығарылған құнды қағаздар	1498,1	13,0	996,5	8,4	978,2	7,3	-34,8
Құнды қағаздармен «РЕПО операциялары»	497,0	4,3	640,0	5,4	804,3	6,0	61,8
Басқа да міндеттемелер	1052,2	9,1	927,8	7,8	1029,0	7,7	-2,2
Барлығы	11516,3	100,0	11874,6	100,0	13384,1	100	16,2

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

Екінші деңгейлі банктердегі салымдарда назар аударатын болсақ, салымдардың жалпы сомасы жылдан жылға өсуде. Егер 2011 жылы салымдар сомасы 7797,5 млрд теңгені құраса, осы көрсеткіш 2013 жылы 9844,9 млрд теңгеге тең болды, яғни 79,2 % өсті. Оның ішінде жеке тұлғалардың салымдары 2011 жылы 2764,1 млрд теңге, ал 2013 жылы 3949,4 млрд теңге болған. 2013 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 70 % артты. Заңды тұлғалардың салымдары 2013 жылы 2011 жылға қарағанда 23,5 % өсті, яғни 2011 жылы бұл көрсеткіш 1387 млрд теңге болса, 2013 жылы 5895,5 млрд теңгеге тең (4-сур.).



Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

4-сурет. ЕДБ клиенттерінің 2011–2013 жж. салымдары, млрд теңге

ТОП-10: 2011–2013 жж. аралығында салымдар бойынша ең ірі банктер

№	Банктер	Жеке тұлғалардың салымдары			Өзгерістер, %
		2011	2012	2013	
1	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	559 209,1	686 426,5	787 431,4	40,8
2	«Казкоммерцбанк» АҚ	550 674,5	621 475,3	621 223,7	12,8
3	«KASPI BANK» АҚ	222 723,8	319 162,0	372 576,1	67,3
4	«ЦентрКредит» АҚ	376 138,5	391 869,3	334 251,1	-11,2
5	«БТА Банк» АҚ	302 213,8	291 932,9	286 313,8	-5,3
6	«АТФБанк» АҚ	155 200,3	211 478,9	219 304,5	41,3
7	«ЦеснаБанк» АҚ	99 337,7	159 218,6	200 920,2	102,2
8	«Сбербанк» АҚ	70 566,6	119 053,2	198 877,7	181,8
9	«Жинақ құрылысбанк» АҚ	73 736,4	131 972,5	175 611,4	138,2
10	«АльянсБанк» АҚ	112 836,5	156 468,6	161 649,1	43,3

Ескерту. [2] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

Жалпы банктер бойынша көрсеткіштерге назар аударатын болсақ, салымдардың сомасынан бірінші ондық үздік банктер арасында алдыңғы орында «Сбербанк» АҚ. Осы банкке салған жеке тұлғалардың салымдарының сомасы 2011–2013 жж. аралығында 102, 2 % өскен. Бұл жағдай халықтың осы банкке деген сенімі жоғары екенін көрсетеді (5-кесте).

2013 жылы 2011 жылға қарағанда «ЦентрКредит» АҚ жеке тұлғалардың салымдары күрт төмендеген. Төмендеу қарқынын «БТА Банк» АҚ көрсеткіштерінен да көре аламыз. Қалған банктерге халықтың сенімі деген жоғары екен.

ҚР банк секторының 2011–2013 жж. өзіндік капиталының жеткіліктігі, млрд тенге

Көрсеткіш	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	Өзгерістер, %
1-ші деңгейдегі капитал	1 491,8	1561,4	1691,1	13,3
2-ші деңгейдегі капитал	520,4	509,6	663,1	27,4
3-ші деңгейдегі капитал	1,6	1,0	1,7	6,3
Барлық есептелген меншікті капитал	1 961,4	2072,0	2347,4	19,7

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған

2014 жылдың 1 қаңтарына банк секторының өзіндік капиталының деңгейі 2347,4 млрд теңгеге жетті. Ол 2011 жылға қарағанда 19,7 % өскендігін көрсетеді.

ҚР ЕДБ меншікті капитал жеткілігінің еселіктері, %

Көрсеткіш	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Меншікті капитал жеткілігінің еселігі k1-1	11,4	11,6	11,0
Меншікті капитал жеткілігінің еселігі k1-2	12,9	13,6	13,5
Меншікті капитал жеткілігінің еселігі k2	17,4	18,1	18,7

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

Меншікті капитал жеткілігінің еселіктері 2011–2013 жж. күрт өзгермеген. Егер меншікті капитал жеткілігінің еселігі k1-1 2011 ж. 11,4 % болса, 2013 ж. аяғына қарай 11,0 % болған. Ал меншікті капитал жеткілігінің еселігі k1-2 2011 ж. 12,9 % тең болса, 2013 ж. — 13,5 %. Сол сияқты меншікті капитал жеткілігінің еселігі k2 2011 ж. 17,4 %, ал 2013 ж. 18, 8 % тең.

ҚР банк секторының өтімділігін қарастыра келсек, 2011–2013 жж. аралығында өтімділіктің барлық еселіктері азайған, яғни банк секторының өтімділігі төмендеген. Егер k4 ағымдағы өтімділік еселігі 2011 жылы 0,927 болса, 2013 жылы осы көрсеткіш 0,901 құрады. Сол сияқты өтімділіктің басқа да еселіктері төмендеген (8-кесте).

ҚР банк секторының 2011–2013 жж. өтімділігінің динамикасы

Көрсеткіштер	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	Өзгерістер, %
k4 ағымдағы өтімділік еселігі (мін мәні 0,3)	0,927	0,803	0,901	-0,026
k4-1 мерзімді өтімділік еселігі (мін мәні мәні 1)	6,873	5,033	5,210	-1,663
k4-2 мерзімді өтімділік еселігі (мін мәні 0,9)	3,395	2,944	2,992	-0,403
k4-3 мерзімді өтімділік еселігі (мін мәні 0,8)	2,444	2,206	2,254	-0,19
Жоғары өтімді активтердің жиынтық активтерге қатысты арақатынасы, %	21,0	17,6	17,3	-3,7

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

ҚР 2011–2013 жж. банк секторының валюталық өтімділігінің динамикасы

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	Өзгерістер, %
k4-4 Мерзімдік валюталық өтімділік еселігі (мін мәні 1):			
– рейтингісі <A> -дан төмен емес шетел валюталар бойынша	10,202	14,735	1,4
– ресей рублі	4,352	12,864	3,0
k4-5 мерзімдік валюталық өтімділік еселігі (мін мәні 0,9):			
– рейтингісі <A> -дан төмен емес шетел валюталар бойынша	5,354	6,871	1,3
– ресей рублі	3,959	9,128	2,3
k4-6 мерзімдік валюталық өтімділік еселігі (мін мәні 0,8):			
– рейтингісі <A> -дан төмен емес шетел валюталар бойынша	2,808	3,308	1,2
– ресей рублі	1,733	6,981	3,9

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

ҚР банк секторының валюталық өтімділігінің еселіктерінің өсу қарқыны байқалады. К4-4 мерзімдік валюталық өтімділік еселігі рейтингісі <A> -дан төмен емес шетел валюталар бойынша 2011 жылы 10,202 болса, осы көрсеткіш 2013 жылдың аяғына қарай 1,4 есе өскен. Бұл еселік Ресей рублі бойынша 3,0 есе артты.

k4-5 мерзімдік валюталық өтімділік еселігі рейтингісі <A> -дан төмен емес шетел валюталар бойынша 2011 жылы — 5,354, ал 2013 жылы — 1,3 есе өсті. Ресей рублі — 2,3 есе артты.

k4-6 мерзімдік валюталық өтімділік еселігі рейтингісі <A> -дан төмен емес шетел валюталар бойынша 2,808-тен 3,808 дейін жоғарлады. Ал ресей рублі бойынша 3,9 есе артты (9-кесте).

Банк секторының пайдалылығының көрсеткіштерінің өсуі тұрақсыз. Мысалы, сыйақы алуға байланысты кірістер 2011–2013 жж. 28 % өссе, осы мерзім аралығындағы сыйақы төлеуге байланысты шығыстар 0,2 % ғана арттылды. Ал сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын) сияқты бап бойынша көрсеткіштің төмендеуі байқалады (10-кесте).


ҚР банк секторының 2011–2013 жж. пайдалылығы, млрд теңге

Көрсеткіштер	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	Өзгерістер, %
Сыйақы алуға байланысты кірістер	1036,4	1085,2	1326,5	28,0
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	634,3	612,3	635,8	0,2
Сыйақы алуға байланысты таза кіріс	402,1	472,9	690,7	71,8
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	3429,2	4174,4	2958,2	13,7
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	3841,0	4395,8	3341,1	13,1
Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)	-412,0	-221,4	-382,9	-
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс (шығыс)	-9,8	251,5	307,8	
Табыс салығын төлеу жөніндегі шығыстар	25,6	29,4	46,6	82,0
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс (шығыс)	-35,4	222,1	261,2	

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

2013 есеп жылға салық төлеу алдындағы таза пайданың жалпы активтеріне арақатынасы (ROA) 1,77 % құрады. Салық төлеу алдындағы таза пайданың баланс бойынша өзіндік капиталға арақатынасы (ROE) 13,15 % болды. Осы көрсеткіштер 2012 жылы 1,88 % бен 28,11 % құрды, яғни көрсеткіштердің төмендеген сипаты көрінеді.

2013 жылы бірнеше банктерде активтердің өсуі байқалды. ТОП–10 банктер арасында ең үдік қарқынды «KASPI BANK» АҚ көрсетті. Активтердің төмендеуі «АТФБанк» АҚ байқалды (5-сур.).



Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

5-сурет. 2013 ж. активтер бойынша банктердің ТОП-10

2011–2013 жж. өзіндік капиталдың көлемі бойынша банктердің ТОП-10, млн теңге

№	Банктің аты	Өзіндік капитал			Активтер			ӨК активтердегі үлесі (%)
		2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	
1	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	289 769,3	302 824,8	332 107,5	2 221 968,2	2 339 548,7	2 409 258,1	13,8
2	«Казкоммерцбанк» АҚ	434 820,4	461 603,6	325 572,9	2 484 886,8	2 553 152,3	2 547 016,8	12,8
3	«БТА Банк» АҚ	-240 787,1	209 886,9	235 138,5	1 616 536,5	1 518 475,1	1 508 455,3	15,6
4	«Сбербанк» ЕБ АҚ	50 034,9	88 246,2	102 422,6	490 759,1	732 393,8	952 103,0	1,08
5	«Жинақ құрылысбанк» АҚ	89 332,9	92 586,6	97 095,4	212 876,7	284 320,4	336 646,6	28,8
6	«Банк ЦентрКредит» АҚ	83 643,9	83 358,6	84 373,8	1 063 350,6	1 062 810,7	1 111 886,9	7,6
7	«Kaspi bank» АҚ	46 959,7	66 296,4	78 473,8	422 087,9	588 420,6	754 640,4	10,4
8	«Нұрбанк» АҚ	70 728,7	75 674,1	75 756,9	267 367,2	260 193,9	284 323,1	26,6
9	«АТФБанк» АҚ	62 986,0	71 244,4	68 902,2	983 719,6	851 635,6	882 322,6	7,8
10	«Цеснабанк» АҚ	45 413,4	50 621,2	68 142,3	253 828,0	284 321,1	793 509,0	8,6

Ескерту. [2] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

Өзіндік капиталдың көлемі бойынша ең басты орында келесілер жайғасты: «Казкоммерцбанк» АҚ — 434,8 млрд теңге және «Халық банкі» АҚ 289,8 млрд теңге (11-кесте).

Ең маңыздысы «БТАБанк» АҚ өзіндік капиталын қайта құруда. Реструктуризациялау нәтижесінде осы банктің өзіндік капиталының көлемі 235,1 млрд теңгеге жетті және алдағы төрт жыл арасында капитал жеткіліктілігін 21,6 %-ға толық қайта қалыптастыру болжанады.

Келесі үш банк «Казкоммерцбанк» АҚ, «ЦентрКредит» АҚ және «АТФБанк» АҚ өзіндік капиталдың төмендеуін көрсетті.

Осы күнге дейін 38 банктің үшеуі пайдалылықтың жағымсыз көрсеткішін көрсетті. Оның арасында ТОП — 10-ға кірген «АТФБанк» АҚ (12-кесте).

12 - кесте

2013 ж. жағымсыз көрсеткіштері бар банктер

№	Банктің аты	Жабылмаған залал
1	«АТФБанк» АҚ	-2 359,8
2	«ТемірБанк» АҚ	-2 027,5
3	«АльянсБанк» АҚ	-999,5
Барлығы		-5 386,9

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

Екінші деңгейлі банктердің экономика салаларын несиелеуде әлемдік қаржы дағдарысына байланысты банктердің несиелену саясатының қатандығын есепке алсақ, 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы несиелеу көлемі біршама азайған, себебі клиенттердің көп бөлігі талаптарға сай келмейді. Соның нәтижесінде, несиелену сұранысын қанағаттандыру баяулаған. 2008 жылы екінші деңгейлі банктердің экономика салаларына берілген несиелену көлемі 7 454 053 млн теңге, 2009 жылы 7 644 036 млн теңге, 2010 жылы 7 596 547 млн теңге, 2011 жылы 8 811 248 млн теңге, ал 2012 жылы 9 958 040 млн теңге болған. Бірақ 2011-2013 жылдары несиелендіру қарқынының өскендігі байқалады. Екінші деңгейлі банктердің экономикаға берілген несиелерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалық бөлуде сауда, құрылыс және өнеркәсіп салаларына тиесілі (13-кесте).

Өкінішке орай, қазіргі күнге дейін несиелену басым бөлігі сауда саласына тиесілі болып отыр.

13-кесте мәліметтері бойынша, 2011 ж. экономикаға берілген несиелерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалық бөлуде сауда (жалпы көлемдегі үлесі — 20,8 %), құрылыс (15,1 %), өнеркәсіп (12,0 %), көлік (4,0 %) және ауыл шаруашылығы (3,9 %) сияқты салаларға тиесілі болса, 2013 ж. сауда (жалпы көлемдегі үлесі — 19,5 %), құрылыс (12,3 %), өнеркәсіп (11,4 %), көлік (3,5 %) және ауыл шаруашылығы (3,3 %) сияқты салаларға тиесілі болған.

13 - кесте

ЕДБ-дің 2011–2013 жж. экономика салалары бойынша несиелері, млн теңге

Салалар	2011ж.	2012 ж.	2013 ж.
Барлық несиелер	8 811 248	9 958 040	11291548
Өнеркәсіп	1 054 573	1 193 727	
Ауыл шаруашылығы	339 814	322 025	375 426
Құрылыс	1 329 583	1 397 017	1 383 3
Көлік	354 140	423 831	395 595
Байланыс	43 728	78 376	89 929
Сауда	1 828 925	1 998 683	2 207 341
Басқалар (өндірістік емес сала, жеке қызмет)	3 860 485	4 544 381	5 557 349

Ескерту. [1] әдебиет көзіне сүйене отырып, авторлармен құрастырылған.

Жалпы Қазақстанда қазіргі таңдағы несиелердің негізгі түрлерін талдай келе, оны жетілдіру үшін келесі ұсынылады:

– несиелердің аймақтар бойынша берілуінде, әрбір өңір бойынша жеке және заңды тұлғалардың табысына қарай пайыздық сыйақы мөлшерлемесін бекіту;

- экономика салалары бойынша берілетін несиелердің үлесінде өндіріс саласына берілетін несиелер түрлерін ынталандыру шараларын қолға алу;
- несиелер портфелінің сапасын жақсарту үшін несиелеу процесіне сақтандыру компанияларын белсенді қатыстыру;
- банктердің несиелену саясатын жетілдіру арқылы несиелеуге қол жетімділікті қамтамасыз ету қажет.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған ұсыныстардың отандық екінші деңгейлі банктер тәжірибесінде менеджмент негіздерін жүзеге асыру барысында ескерілуі өз кезегінде ел экономикасының негізгі салаларын дамытуға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.afn.kz>
- 2 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://rfcaratings.kz>

С.К.Искендилова, Г.А.Рахимова

Развитие коммерческих банков Республики Казахстан

В статье рассматривается динамика развития отечественных банков второго уровня. Проведен анализ финансовых показателей деятельности коммерческих банков за последние годы. Также рассмотрено современное состояние деятельности банков второго уровня в разрезе различных направлений их деятельности — расчетных, депозитных и кредитных операций. Рассмотрены перспективы развития банковского сектора в Казахстане. Проведено ранжирование банков второго уровня по различным показателям. Выработаны рекомендации по совершенствованию кредитной политики коммерческих банков.

S.K.Iskendirolva, G.A.Rakhimova

The development of the commercial banks of the Republic of Kazakhstan

The article discusses the dynamics of domestic second-tier banks. The analysis of the financial performance of commercial banks in recent years. Also examined the current state of the activities of banks in the context of different areas of their activities - settlement, deposit and credit operations. The prospects of development of the banking sector in Kazakhstan. Were ranked second-tier banks on various parameters. Made recommendations to improve the credit policy of commercial banks.

References

- 1 [ER]. Access mode: <http://www.afn.kz>
- 2 [ER]. Access mode: <http://rfcaratings.kz>